

**Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 277 "Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 5 наурыздағы № 164 шешімі. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 20 наурызда № 3-11-116 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 31 тамыздағы № 76 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихаттың 31.08.2023 № 76 шешімімен (алгашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ойыл аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 277 "Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4724 тіркелген, 2016 жылғы 26 ақпанында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

7 тармақтың 3 абзацы алынып тасталсын;

8 тармақтың:

2) тармақшасындағы орыс тіліндегі "1 (одного)" сөзі "2 (двух)" сөзімен ауыстырылсын;

3) тармақшасындағы "және он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы" сөздері алынып тасталсын;

10 тармақтың 3) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын:

"жан басына шаққандағы орташа табыстың, өмірлік қызын жағдай туындауына байланысты біржолғы әлеуметтік көмек тағайындау барысында ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2-еселік мөлшерінен аспауы және әлеуметтік көлісімшарт негізінде көрсетілетін ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 0,6 еселік мөлшерінен (күнкөріс деңгейінің 60 пайзынан) аспайтын болуы негіздеме болып табылады.";

12 тармақтың 8) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы:

Е. Жиеналин

Аудандық мәслихаттың хатшысы:

Б. Бисекенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды  
үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар  
басқармасының басшысы:

Қ. Отаров

"5" наурыз 2018 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК